

**Д.Төленов атындағы мектеп-гимназиясы бойынша
Қамқоршылық кеңесі отырысының**

Хаттамасы № 4

Махамбет ауылы

« 19» мамыр 2023 жыл

Қатысқандар:

Ж.Отарғалиева - қамқоршылық кеңес төрағасы;
А.Дүйсембаева - қамқоршылық кеңес мүшесі;
Г.Утебалиева - қамқоршылық кеңес мүшесі;
А.Уразалиева - қамқоршылық кеңес мүшесі;
Ж.Аруева - қамқоршылық кеңес мүшесі;
Б.Сүйеуова - қамқоршылық кеңес мүшесі;
О.Джалмуханова - қамқоршылық кеңес мүшесі;
Б.Себекбаева - хатшы
Н.Балтабаева - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
М.Тулешова - мектептің әлеуметтік педагогы;

Күн тәртібінде:

1. Әлеуметтік педагог Тулешова Майра Махамбетқызының жылдық есебі
2. 2023-2024 оқу жылының білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогы Тулешова Майра Махамбетқызы. Д.Төленов атындағы мектеп-гимназиясында 2022-2023 оқу жылының басында тегін ыстық тамақпен жалпы 244 оқушы қамтылды. Оның ішінде 1-4 сыныпта 192 оқушы, 5-11 сыныпта 52 оқушы. Ыстық тамақ мектепке тасымал арқылы жеткізіледі. Тегін ыстық тамақпен қамтылған балаларға күнделікті асханадан берілетін ыстық тағамдары ЖК “Нурғалиева” бекіткен 2 апталық ас мәзіріне сай дайындалып келеді. Оқушылардың күнделікті тамақ ішуін мектеп медбикесі А.Каженова және әлеуметтік педагог өзім бақылап отырамын. 1-ауысымда 4 мезгіл, 2-ауысымда 3 мезгіл тамақ ішеді.

“Мектепке жол” қайырымдылық акциясы шеңберінде мектеп ұжымы атынан аз қамтылған отбасынан шыққан 6б сынып оқушысы Н.Нұрахметке мектеп формасы және аяқ киім алып берілді.

28 маусым мен 11 шілде аралығында Ресей Федерациясы, Железноводск қаласы, Иноземцево поселкесінде орналасқан “Қазақстан геологі” емдеу пансионатында балалар сауықтыру лагеріне әлеуметтік осал топ санатына жататын балалар қамтылды. Олар аз қамтылған отбасынан шыққан 6б сынып оқушысы Е.Кендебай, І.Жолдас және толық емес отбасынан шыққан 8а сынып оқушысы Д.Сәлімжан.

16 шілде мен 29 шілде аралығы аз қамтылған отбасынан шыққан 6б сынып оқушысы А.Руффатқызы, 2б сынып оқушысы Т.Жолдас, 4б сынып